

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы мәдениет пен өнер саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 7 қыркүйектегі № 524 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2015 жылғы 26 қазанда Дохада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы мәдениет пен өнер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2016 жылғы 7 қыркүйектегі

№ 524 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы мәдениет пен өнер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

(2016 жылғы 15 қыркүйекте күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2016 ж., № 6, 100-құжат)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі

екі ел арасындағы өзара достықты нығайтуға және мәдениет пен өнер саласындағы ынтымақтастыққа жағдай жасауға ниет білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар екі елдің мәдениет саласындағы, атап айтқанда музыка, театр және бейнелеу өнері, ұлттық мәдени игілік объектілерін қорғау және сақтау саласындағы тәжірибе алмасуы мен ынтымақтастығын қолдайды.

Тараптар сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің аумағында өткізілетін өнер және мүсіндер көрмелерін, фестивальдар мен мәдени іс-шараларды өткізу туралы ақпарат алмасады.

Тараптар халықаралық конференциялар мен кездесулерге қатысу шеңберінде мәдениет саласындағы ынтымақтастық мәселелерін үйлестіреді.

2-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес баспа және қолжазба құжаттары, графикалық, дыбыс-бейне материалдары мен электрондық тасығыштардағы құжаттар, сондай-ақ қолжазбаларды реставрациялау саласындағы оқыту курстары туралы ақпарат алмасу арқылы өздерінің ұлттық кітапханалары арасындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады.

3-бап

Тараптар мәдениет ұйымдары басшыларының және мәдениет, өнер және мұра саласындағы зерттеушілердің сапар алмасуын, сондай-ақ тиісті жарияланымдармен және брошюралармен байланысты тәжірибе алмасуды қолдайды.

Тараптар осы салаға жататын оқыту курстары мен семинарлар шеңберінде өзара байланыстар мен ынтымақтастық орнатуды қолдайды.

4-бап

Егер әрбір нақты жағдайда өзгеше тәртіп келісілмеген болса, Тараптар өз заңнамаларына сәйкес осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларында көзделген қаражат шегінде немесе бюджеттен тыс қаражат есебінен дербес көтереді.

5-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 6-бабына сәйкес күшіне енетін, жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

6-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы Тараптар алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім үш жыл бойы қолданыста болады және егер Тараптардың ешқайсысы кезекті кезең аяқталғанға дейін кемінде үш ай бұрын екінші Тарапқа оның қолданысын тоқтату ниеті туралы хабардар етпесе, алдағы үш жыл кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

2015 жылғы 26 қазанда Доха қаласында әрқайсысы қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісімнің

ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қатар Мемлекетінің
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК